

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақтөбе облысы

№89

2023-03-01

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, ереже негізінде әрекет ететін Басшысы Калниязова Нургуль Сисенгалиевна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "GlobusTeleCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Тлегенова Лимара Кальяхметовна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2023-02-28» жыл № 9411699-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша **082-015-152** Байланыс қызметтеріне ақы төлеу (Интернет) ;

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және қызметтер көрсету шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 18 500 000.00 (он сегіз миллион бес жүз мың тенге нөл тын)) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 1 982 142.86 тенге (бір миллион тоғыз жүз сексен екі мың жүз қызық екі тенге сексен алты тын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт

082 Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру үйымдарында жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, **015** Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, **152** Байланыс қызметтеріне ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 18 500 000.00 (он сегіз миллион бес жүз мың тенге нөл тын) оның ішінде ҚҚС 2023 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Қызмет көрсетеу актісінің нысанын Өнім беруші алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.

2.4 Орындалатын қызметтердің көлемі Шарттың 1 Қосымшасында көрсетілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) көрсетілген қызмет акті (актілері);
- 3) осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту улесі бойынша есеп;
- 4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 555 000.00 ((бес жұз елу бес мың теңге нөл тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 555 000.00 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;
не:

Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:
шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

- 3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантардағы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жузеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтердегі жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді;

3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) көрсетілген Қызметтердің сәйкесіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) Қызметті қабылдау кезінде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негізdemelerdі көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бастартуға
- 4) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіpte және мерзімдерде төлем жургізуге міндеттенеді.

- 1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;
- 2) Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі түрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 кун ішінде қолданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Қызметтер көрсету

5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өндеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс.

6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше оның құжат «Електрондық құжат және електрондық цифровық болашақ туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

орындаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындаған (ішінана орындаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіpte осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азауына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде қызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:

- 1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық участеклерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде қызмет көрсетудің кешіктірілуіне әкеп соқтырады;
- 2) Тапсырыс беруші Өнім берушіне Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифровық қолданба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

қызмет көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер аталған сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

8.3 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушігে тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіpte Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушігে қатысты ешқандай қаржылық міндеп көтермейді.

8.4 Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, таралтардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.5 Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.6 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушігे міндептемелерін орындағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындаі алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндептемелерін орындаі алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.7 Шарт

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулдердің бұзылғаны анықталған;

2) мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши Өнім берушігে Заңда көзделмеген қолдауды көрсеткен;

3) Заңның 43-бабының 23-1-тармағында көзделген шектеулер бұзылған;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сомаларды енгізбеу арқылы Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телекакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тарантар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

Осы күжат «Электрондық күжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы күжатпен бірдей.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қымылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындағының барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешүге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер




Тапсырыс беруші:

"Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
Актюбинская область, Хромтауский
район, г.Хромтау, ПАВЛА ЛАХНО, 33
БСН 190140004409
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ11070102KSN0601000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 21-6-09
Басшысы Калниязова Нургуль
Сисенгалиевна

Аббревиатураларды таратып жазу:


БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚКС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



2023-03-01 15:13:01
Калниязова Нургуль
Сисенгалиевна
"Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Хромтау ауданының
білім бөлімі"
мемлекеттік
мекемесі

Государственное
учреждение "Отдел
образования
Хромтауского района
Управления
образования
Актюбинской
области"

**Өнім беруші (Өнім беруші ақша
талабын (факторингті) басқаға беру
арқылы қаржыландыру шартын
жасасқан кезде қаржат алушы):**
"GlobusTeleCom" жауапкершілігі шектеулі
серіктестірі
Актюбинская область, г.Актобе, Есет
Батыра, 150, 3
БСН/ЖСН 140340009785
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ286017121000001857
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8(7132)921303
Басшысы Тлегенова Лимара
Кальяхметовна



2023-03-01 15:28:59
Тлегенова Лимара
Кальяхметовна
"GlobusTeleCom"
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Товарищество с
ограниченной
ответственностью
"GlobusTeleCom"



Сатып алынатын тауарлар (корсетілетін кызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 9411699-1
Электрондық конкурстың аттығы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші аттығы	Атауы	Кыска сипаттама	Косымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, сонын ішінде ККС, теңге	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, кызметтерді көрсегү мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, сонын ішінде ККС, теңге	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
082-015-152 : Байланыс кызметтеріне акы төлеу (Интернет)												
58254291-ОИ2	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау аудандының білім "білім" мемлекеттік мекемесі	"Ақтөбе облысының басқармасы Хромтау аудандының білім "білім" мемлекеттік мекемесі	Сым жөлдері бойынша кең Интернетке колжеткізу бойынша кызметтер жеткізуі үсінуға бағытталған кызметтер	Сым жөлдері бойынша кең Интернетке колжеткізу бойынша кызметтер жеткізуі үсінуға бағытталған кызметтер	Интернетке колжеткізу бойынша кызмет	Бір кызмет	1	18 500 000.00	наурыз - желтоқсан	наурыз - желтоқсан	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданды Мектеп тех ерекшелікте корсетілді (1)	18 500 000.00

Техникалық ерекшелігі

Төмендегі талаптарды қанағаттандыратын байланыс арналары арқылы Интернет желісіне қол жеткізуді ұсыну: • Қызмет-Интернет желісіне қол жеткізу. • Қолік ортасының түрі – Радио қолжетімділік. • Қосылу обьектілері, порттың өткізу қабілеті – №1 қосымшаға сәйкес. Арнаны орнату және пайдалану Өнім беруші дайындық және монтаждау жұмыстарының барлық қолемін өз бетінше орындауы тиіс. Тапсырыс берушінің орнатылған жабдығы өнім берушіге жауапты сақтауға беріледі. Тапсырыс беруші Өнім берушінің жабдықтарына бөгде адамдардың қол жеткізуін шектейді. Қосылу келесі шарттарды сақтай отырып жүргізілуі керек: • Жұмыстарды орындау уақыты мен кестесі қызметтерді орындау басталғанға дейін кемінде 3 күн бұрын Тапсырыс берушімен келісілуі тиіс. • Тапсырыс беруші өкілінің өтінішін алған сәттен бастап 48 сағат ішінде өнім беруші зақымдануды жою үшін қажетті шараларды қабылдайды және қажет болған жағдайда ақауларды жою үшін тиісті персоналды жібереді. Өнім беруші Тапсырыс берушіні зақымдануды жою бойынша қабылданған шаралар туралы хабардар етеді. Қызмет көрсетудің барлық айы үшін жиынтығында 18 сағаттан аспайтын уақытта қызмет қолжетімді болмауы мүмкін. Берілген жабдық жергілікті желіден түсетін жүктемені көтере алуы керек, (Тұтынушының желісінде 300 астам компьютерлер және жұмыс істеуге қажетті басқа құрылыштар бар). Өнім берушінің Интернет желісіне қосылу үшін байланыс арнасының өткізу қабілетін 200 Мбит/с дейін арттырудың техникалық мүмкіндігі болуы тиіс. –Ағымдағы сервистің жұмысын үзбей, Тапсырыс беруші жүгінген сәттен бастап 24 сағат ішінде жабдықты жаңартуға немесе ауыстыруға қосымша шығындарсыз. –Қызмет көрсетудің барлық кезеңінде 14 күннен артық емес тегін түрде. Тапсырыс берушіні Интернет желісіне қосу радио көпірі арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Қосылу интерфейсі - Ethernet-100/1000BaseT. Сенімділік талаптары 1. Өнім беруші сатып алынатын қызметтердің барлық түрлеріне айна кемінде 99.5% қолжетімділік коэффициентін қамтамасыз етуі тиіс. 2. Өнім беруші қызмет көрсетуде үзіліске әкелу мүмкін барлық профилактикалық және жоспарлы жұмыстар туралы Тапсырыс берушіге кемінде екі тәулік бұрын хабарлауға тиіс. Профилактикалық қызметтер жұмыс уақытынан тыс жүргізілуі керек. 3. Өнім беруші техникалық қолдау қызметінің телефондарының тізімін ұсына отырып, аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. 4. Әлеуетті өнім берушіде Интернет желісіне қол жеткізуді резервтеу үшін Интернет желісінің шетелдік сегментіне кірудің кемінде 2 тәуелсіз арнасы болуы тиіс (арнаның үзіліү, шетелдік өнім берушінің арнасының істен шығуы). 5. Өнім беруші қажет болған жағдайда Тапсырыс берушіден алдын ала жіберілген өтінім бойынша байланыс арнасының жабдығын өз күшімен ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Өнім берушінің жауап беру уақыты кемінде 48 сағат. 6. Өнім беруші кәштеу серверлерін пайдаланбай Интернет желісіне тікелей қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті. 7. Қазақстандық және сыртқы Интернет-ресурстарға кіру/шығу трафигінің қолемі бойынша шектеудің болмауы. «Ақпараттандыру туралы» 24.11.2015 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес өнім беруші Тапсырыс берушіге Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі арқылы және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» 20.12.2016 жылғы №832 ҚР ҮК сәйкес қызмет көрсетеді. Қызметті қосу «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567-П Заңының талаптарына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 бұйрығы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 8 мамырда № 10999

тіркелген Интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету қағидаларына сәйкес келуі тиіс. Қауіпсіздік талаптары 1. Өнім беруші Қазақстан Республикасының Ақпараттық технологиялар және байланыс жөніндегі стандарттары мен заңнамасының талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің ішкі ресурстарына қолжетімділікті шектеуге тиіс. 2. Өнім берушіде кез-келген оқиғаны анықтау үшін желілік трафиктің мониторингін қамтамасыз ететін қызмет болуы керек. 3. Өнім берушінің жабдығында ақпараттық қауіпсіздікті бұзы оқиғаларын анықтау және сақтау құралдары болуға тиіс. 4. Міндетті шарт – әлеуетті өнім беруші қызмет көрсету бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық немесе ішінара бермеуі тиіс. Яғни міндеттемелерді екінші және үшінші тұлғаларға беру құқығының қызмет көрсету. Қосымша №1 Қосылу нысандарының тізімі, порттың өткізу қабілеті № Қосылу нысаны Мекен-жайы Откізу қабілеті Ескерту

1 Копа ОМ Хромтау ауданы , Копа ауылы 50 Мбит/с
(ЕШДИ)+20 Мбит/с (Wi-FI) (2 точки)

2 Абай НМ Хромтау ауданы , Абай ауылы 10
Мбит/с (ЕШДИ)+10 Мбит/с (Wi-FI) (2 точки)

3 Карлау БМ Хромтау ауданы , Карлау
ауылы 10 Мбит/с (ЕШДИ)+10 Мбит/с (Wi-FI) (2 точки)

4 Онгар ОМ Хромтау ауданы ,
Онгар ауылы 20 Мбит/с (ЕШДИ)+20 Мбит/с (Wi-FI) (2 точки)
5 Кудыксай НМ Хромтау ауданы , Кудуксай ауылы 10 Мбит/с (ЕШДИ)+10 Мбит/с (Wi-FI) (2
точки)

6 Сарысай ОМ Хромтау ауданы , Сарысай ауылы 20 Мбит/с (ЕШДИ)+20 Мбит/с (Wi-FI) (2
точки)

7 Кызылсу ОМ Хромтау ауданы , Кызылсу ауылы 20 Мбит/с (ЕШДИ)+20 Мбит/с (Wi-FI)
(2 точки)

8 Тассай ОМ Хромтау ауданы , Тассай ауылы 20 Мбит/с (ЕШДИ)+20 Мбит/с
(Wi-FI) (2 точки)

9 Тасоткел ОМ Хромтау ауданы , ТАСОТКЕЛЬ ауылы 50 Мбит/с
(ЕШДИ)+20 Мбит/с (Wi-FI) (2 точки)

10 Табантал ОМ Хромтау ауданы , Табантал ауылы
20 Мбит/с (ЕШДИ)+20 Мбит/с (Wi-FI) (2 точки)

11 Майтобе ОМ Хромтау ауданы , Майтобе ауылы 20Мбит/с (ЕШДИ)+20 Мбит/с
(Wi-FI) (2 точки)

12 Просторный БМ Хромтау ауданы , Жазық б 10 Мбит/с (ЕШДИ)+10 Мбит/с
(Wi-FI) (2 точки)

13 Сатпай ОМ Хромтау ауданы , Тамды ауылы 20 Мбит/с (ЕШДИ)+20 Мбит/с
(Wi-FI) (2 точки)